

## Мақтаарал ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы

Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 шілдедегі № 68-428-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 шілдеде № 5733 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабына және "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8 бабының 2 тармағына сәйкес, Мақтаарал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мақтаарал ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын болып Мақтаарал ауылдық округі, Өркениет ауылы, Ж.Ыбраев көшесі "Алпамыс батыр" саябағындағы алаң айқындалсын.

2. Мақтаарал ауданында демонстрациялар мен шерулер өткізу үшін жүргүрүтіретінде Мырзакент кентінің Т.Мадиходжаев көшесі мен А.Тлеубердин көшесінің бұрышынан А.Тлеубердин көшесі мен А.Яссайи көшесінің қылышына дейінгі аралық айқындалсын.

3. Мақтаарал ауданында бейбіт жиналыстар мен шерулерді ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

4. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

5. "Мақтаарал аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Мақтаарал аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мақтаарал аудандық

мәслихаты сессиясының төрағасы

Б. Жуманов

## Бейбіт жиналыстар мен шерулерді ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану ТӘРТІБІ

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын Мактаарал аудандық мәслихаты бейбіт жиналыстарды немесе шерулерді өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орын немесе жүру маршруты.

### Бейбіт жиналыстар мен шерулер өткізу үшін арнайы орындардың материалдық-техникалық қамтамасыз етуі

№ п/ п	Арнайы орын атаяу	Материалдық-техникалық қамтамасыз етуі	Шекті толу нормалары
1.	Мактарал ауылдық округі, Өркениет ауылы, Ж.Ыбраев көшесі "Алпамыс батыр" саябағының аланы	- көше жарығы; -электр энергиясын қосу нұктесі; -бейне бакылау және бейне жазба камералары; - автотұрақ орны (1 кіру, 1 шығу).	150 адам

Жергілікті атқарушы органның өкілі хабарлама/өтініш бойынша оң шешім қабылданған кезде, бейбіт жиналыстың/шерудің ұйымдастырушысымен бір күн бүрын іс-шараны өткізу ережесін келесі сұрақтар бойынша келісу үшін арнайы орынға барады:

- бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылардың айырым белгісі;
- периметрі және өткізу орнының материалдық-техникалық сипаттамасымен танысу мен анықтау үшін;
- Занда көзделген жағдайларда бейбіт жиналыстар өткізу кезінде дыбыс деңгейі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды, плакаттарды, транспаранттарды және өзге де көрнекі үгіттеу құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалануға;
- БАҚ үшін арнайы белгіленген орын (лента немесе қоршау мен шектеу; фото-видео түсірілім және сұхбаттасу үшін жеткілікті көрінуді қамтамасыз ету);
- бейбіт жиналыстар өткізу кезінде аудио визуалды техника құралдарын пайдалануға, сондай-ақ бейне және фото түсірілім жасауды;

Мырзакент кентінің Т.Мадиходжаев көшесі мен А.Тлеубердин көшесінің бұрышынан А.Тлеубердин көшесі мен А.Яссайи көшесінің қылышына дейінгі шеру бағытымен танысу.

Бейбіт жиналыс өткізу күні ұйымдастыруши және оған қатысушылар:

- өтініште көрсетілген мерзім аралығында арнайы орынның аумағында орналасады;
- ғимараттардың, құрылыш жайлардың, шағын сәulet нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мұліктің сақталуын қамтамасыз етеді;
- санитарлық нормалар мен қауіпсіздік ережелерін сақтап, Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау туралы заңнамасын сақтайды;
- бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушының айырым белгісін тағып жүреді.

Мактаарал аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы  
"03" шілдедегі № 68-428-VI  
шешіміне 2-қосымша

## **Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынады:

1. Жаппай жерлеу орындарында;
2. Теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
3. Мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
4. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының резиденцияларына іргелес жатқан аумақтарда;
5. Қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
6. Магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыр жолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда.